БЕКІТЕМІН
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ
басқарма төрағасы - ректоры
__________ А.М. Наметов
«18» 08 2021 ж.

**БӨЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

# СТУДЕНТТЕР КОНТИНГЕНТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

**СМЖ.07.БЕ.37**

№ 01 басылым
№ ___дана

| | | |
|---|---|---|
| Дайындалды: 12.08.21<br><br>Рахимгалиев Б.К. ____ | Келісілді: 16.08.21 ж<br><br>Губашев Н.М. ________<br>Алмагамбетова М.Ж.______<br>Таскалиев Е.К. ________<br>Ихсанов Е.Б.________ | Енгізілді: 20.08.21 ж<br><br>орнына<br>СМЖ.07.БЕ.37<br>23.02.2018 ж.<br>Қайта қаралуы:<br>20.08.2024 ж |

**Мазмұны:**

1. Жалпы ережелер
2. Құрылымы мен штаты
3. Мақсаты мен негізгі міндеттері
4. Қызметтері
5. Құқықтары
6. Жұмысты ұйымдастыруы
7. Басқа бөлімдермен өзара қарым-қатынасы
8. Жауапкершілігі
9. Сілтемелер

| Өзгерістер | | | | |
|---|---|---|---|---|
| № | Енгізілген мерзімі | Беттер нөмірі | Дайындаушы | |
| | | | ТАӘ | Қолы |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |



## 1. Жалпы ережелер

1.1. Студенттер контингентін қалыптастыру орталығы (бұдан әрі – СҚҚО) «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ құрылымдық бөлімі болып табылады;
1.2. СҚҚО – университеттің студенттер контингентін қалыптастыру және түлектерді жұмысқа орналасуға ықпал ету мәселелері бойынша ұйымдастыру орталығы;
1.3. СҚҚО университеттің Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен құрылады және таратылады;
1.4. СҚҚО тікелей орталық директоры басқарады, ол еңбек шарты негізінде басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен тағайындалады және жұмыстан босатылады;
1.5. СҚҚО өз қызметінде ҚР-ң «Білім туралы» заңын, ҚР Бж/еҒМ нормативті құжаттарын, университет Жарғысын, университеттің Ғылыми кеңесінің шешімдерін, басқарма төрағасы-ректордың бұйрықтарын, СТ ҚР ИСО 9001-2016 Сапа менеджменті жүйесі талаптары жүйелерінің ішкі құжаттарын және осы Ережені басшылыққа алады;
1.6. СҚҚО жұмысы университет басқарма төрағасы- ректоры бекіткен жылдық жоспар бойынша жүргізіледі;
1.7. СҚҚО университеттің стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректорына бағынады.

**2. Құрылымы мен штаты**

2.1. СҚҚО құрылымы мен штаты университет басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен бекітіледі.
2.2. СҚҚО штаттық құрамы:
- орталық директоры – 1 бірлік;
- орталық директорының орынбасары – 1 бірлік;
- маман – 2 бірлік.

**3. Мақсаты мен негізгі міндеттері**

3.1. СҚҚО мақсаты білім алушылардың контингентін қалыптастыру, мектеп және колледж бітіруші түлектерге кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу;
3.2. Жүйелілік, шынайылылық, кәсіптілік, жариялылық, ашықтық, мезгілділік, сабақтастық, бересілік, даму үздіксіздігі СҚҚО негізгі ұстанымдары.
3.2.1. СҚҚО негізгі міндеттері:
3.2.2. Білім алушылар контингентін қалыптастыру процессін үнемі жетілдіру;
3.2.3. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын үнемі жетілдіру;
3.2.4. Кәсіптік бағдар беру және кеңес беру жөніндегі ұйымдастырушылық шараларын жүзеге асыру;
3.2.5. Өз өкілеттігі шегінде университет ішіндегі нормативтік құжаттарды дайындауға қатысу;
3.2.6. Контингентті қалыптастыру мен түлектерді еңбекке орналастыруға ықпал ету мәселелері бойынша институттар, жоғары мектептер қызметін талдау бойынша нәтижелерді Ғылыми кеңеске ұсыну.

**4. Қызметтері**

4.1. Студенттер контингентін қалыптастыру үрдісі бойынша барлық жоспарлы шараларды ұйымдастырып, жүргізу;
4.2.Сапалы студенттер контингенттін қалыптастыру;
4.3. Қабылдау комиссиясының сапалы жұмысын қамтамасыз ету;
4.4.Университет бойынша кәсіптік бағдар шараларын ұйымдастырып, сапалы жүргізу;
4.5. Институттарда мектеп және колледж түлектеріне арналған «Ашық есік» күні шарасының өткізілуіне ықпал ету және қадағалау;

4.6.Жергілікті атқарушы органдар жариялайтын білім беру гранттарының конкурсына қатысу үшін көршілес облыстардың білім басқармаларымен байланыс орнату;
4.7.Жергілікті бюджет қаражаттары есебінен мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау конкурстарына қатысу және құжаттар ұсыну;
4.8.Мектеп және колледж бітіруші түлектерге кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу және кеңестер өткізу;
4.9.Мемлекеттік білім беру гранттарының конкурстарына өтініш қабылдау процесін ұйымдастыру;
4.10. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу;
4.11. Мектеп бітіруші түлектерге сауалнамалар өткізу;
4.12. Мектеп және колледж бітіруші түлектердің мәліметтер базасын қалыптастыру және нарық сегменттерін анықтау;
4.13. Оқуға қабылдау туралы бұйрықтың жобасын әзірлеу;
4.14. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарының сапалы жүргізілуіне мониторинг жүргізу;
4.15. Оқуға қабылданған білім алушылардың мәліметтерін электронды дерекқорларға енгізу;

**5. Құқықтары**

5.1. СКҚО өкілеттілігін орталық директоры жүзеге асырады, бұл оның лауазымдық нұсқаулығында анықталған.
5.2. СКҚО құқылы:
5.2.1. Барлық бөлімдерден жұмысқа қажет ақпараттар мен құжаттарды сұратуға және алуға;
5.2.2. Орталық қызметінің бағыттары бойынша оқу-әдістемелік және ішкі нормативтік құжаттарға сараптама жасауға;
5.2.3. Студенттер контингентін қалыптастыру процестерінің жұмыс істеуі және оны жақсарту процесін бақылауға;
5.2.4. Ғылыми кеңестің отырысына осы процестерді жақсарту жөнінде ұсыныстарды енгізуге;
5.2.5. Сапалы жұмыстары үшін қызметкерлерді мадақтау шараларын мен орталық құзыреті аясында талаптарын бұзғаны үшін жазалау шараларын ұсынуға.

**6. Жұмысты ұйымдастыруы**

6.1. СКҚО өз қызметін осы Ереже бойынша, әрі перспективтік және жылдық жоспарлар мен орталықтың оқу жылына жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырады, өз қызметі туралы Ғылыми кеңесі отырыстарында есеп береді;
6.1.Қызметкерлер арасында міндеттер бөлісу олардың өзара ауыстырмалылығы ескеріліп, лауазымдық нұсқаулық негізінде жүзеге асырылады:
6.1.1. СКҚО директоры – СКҚО директорының орынбасары;
6.1.2. СКҚО директорының орынбасары – маман;
6.1.3. 6.2. СКҚО іс жүргізуді бекітілген істер номенклатурасына сай жүргізеді;
6.2.СКҚО өз қызметін жүзеге асыру үшін барлық қажетті ресурстармен қамтамасыз етіледі (бөлме, жиһаз, ұйымдастыру техникасы және т.б.).

**6. Басқа бөлімдермен өзара қарым-қатынасы**

6.1.СКҚО құрылымдық бөлімшелерден қызметтік жазбаларды, студенттік контингентті қалыптастыру, жұмысқа орналасуға ықпал ету, білім беру қызметінің бағасы сұрақтары туралы ақпараттарды алады;

6.2.СКҚО құрылымдық бөлімшелерге қызмет бағыттары бойынша жоғарғы әкімшілікпен келісу арқылы ақпараттық-аналитикалық есептердің деректерін ұсынады.

**7. Жауапкершілігі**

7. СКҚО:

7.1. ҚР-ң іс жүзіндегі еңбек заңнамаларынмен анықталған заң шегінде лауазымдық нұсқаулықта көрсетілген өз қызмет міндеттерін орындамағаны үшін;

7.2. ҚР іс жүзіндегі әкімшілік, қылмыстық жіне азаматтық заңнамаларында анықталған заң шегінде өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзғандығы үшін;

7.3. ҚР-ң еңбек, қылмыстық және азаматтық заңнамалары заң шегінде материалдық зиян келтіргені үшін жауапқа тартылады.

**8. Сілтемелер**

ҚР «Білім туралы» Заңы 27.07.2007 ж. №319-ІІІ

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы, 18.11.2015 ж, № 410-V;

ҚР Еңбек кодексі, 23.11.2015 ж, № 414-V;

ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

ҚР Үкіметінің 23.08.2012 ж №1080 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің жалпыға міндетті стандарты», «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары»;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» Жарғысы

Университеттің ішкі тәртіп ережелері. СМЖ.08.ҚЕ.06.